

«Бекітемін»

Мектеп директоры:



«Келісемін»

ДТЖО бұрынбасары:

 С.Көшербайұлы

«Мәдени жағпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің І «А»-сынып жетекшісі

Үйсінбаева Шолпанның 2023-2024 оқу жылына арнаған

сынып саясаттарының жұмыс жоспары

«**Біртұтас тәрбие бағдарламасы**» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалды. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

-Қазақстан мемлекеттілігінің ығытуға атсалысу;

-Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қою;

-Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

-Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділіктаныту;

- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;

Жеке және командаламен жұмыс істей білу;

Білуге, жананы тануға құштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Салауатты өмір салтын ұстану;

Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;

Дұрыс қарым-қатынас орнатуға білу;

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**2023-2024 оқу жылының 1-А сыныбының тәрбие
сағаттарының тақырыптары**

№	Мерзімі	Тәрбие құндылықтары	Тақырыбы	Ескерту
1	қыркүйек	Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап	Мектебім – мейірім мекені!	1.09
2		Талап	Жол жүру ережелерін еске түсіреміз!	4.09
3		Ұлттық мүдде	Менің тілім – менің досым	11.09
4		Ар-ұят	Жүрегім толы мейірім	18.09
5		Ар-ұят	Ұстаз — ұлы тұлға	25.09
6	Қазан	Ар-ұят	Қарттарым – асыл қазынам!	2.10
7		Ар-ұят	Мейірімділік - асыл қасиет	9.10
8		Талап	Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ!	16.10
9		Талап	Күз-береке, күз – мереке	23.10
10	қараша	Талап, Ар-ұят	Қоғамдық тәртіп негіздері	6.11
11		Ұлттық мүдде, Ар-ұят	Менің отбасым	13.11
12		Талап	Салауатты өмір-тамактану тәртібі	20.11
13		Ар-ұят	Адалдық - адамдықтың белгісі	27.11
14	желтоқсан	Ұлттық мүдде	Рәміздер-Ел нышаны	4.12
15		Ұлттық мүдде	Елімнің ертені - Тәуелсіздік	11.12
16		Талап, ар-ұят	Тәртіп - тәрбие бастауы, Тәртіпсіздік – өміріннің қас жауы.	18.12
17		Талап	Жаңа жылдық отшашудың зияны	25.12
18	қаңтар	Ар-ұят	Ізгілік-адамгершіліктің белгісі	8.01
19		Ұлттық мүдде	Саналы ұрпақ жарқын болашақ	15.01
20		Ұлттық мүдде	Қазақ халқының мәдениеті	22.01
21		Ар-ұят	Ар - ұят, намыс	29.01
22	ақпан	Ар-ұят	Достық, татулық – өмірдің қызығы	5.02
23		Талап	Бұлақ көрсен, көзін аш	12.02
24		Ар-ұят	Оқушы мәдениеті дегеніміз не?	19.02
25		Талап	Кітап оқуды тоқтатқан адам, ойлауды да тоқтатады	26.02
26	наурыз	Ар-ұят	Алғыс айту-парызым	4.03
27		Ар-ұят	Ана - өмірдің гүлі	11.03
28		Ұлттық мүдде	Наурыз-жыл басы	18.03
29	сәуір		Эко сағат	1.04
30		Талап	Дені саудың - тәні сау	8.04
31		Талап, ар-ұят	Табиғатты аялайық!	15.04
32		Талап, ар-ұят	Зиянды әдеттен аулақ бол!	22.04
33		Ұлттық мүдде, Талап	Мен отбасыммен мақтанамын!	29.04
34		Ұлттық мүдде,	Бейбітшілік-ел тілегі	13.05

«Мәдени жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*Бастауыш сынып мұғалімі Үйсінбаева
Шолпанның 2023-2024 оқу жылында атқарылған
жұмысының жылдық есебі*

Сынып: 1 «А»

«Мәдени жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2023-2024 оқу жылында 1 «А» -сынып оқушыларымен атқарылған тәрбие
жұмыстарының есебі

Сыныпта 16 оқушы бар. Оның 9-ы ұл бала, 8-қыз бала. 2023-2024 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 3 құндылық бойынша кешенді жоспар бекітілді. Жоспарланған жұмыстар өз уақытында өткізілді. Атап айтқанда: Ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап

Ұлттық мүдде құндылығы Күтілетін нәтижесі:

-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерд кадірлейді Елінің тарихын құрметтейді Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғар. Бұл құндылық бойынша мынадай тәрбие сағаттары өткізілді: Менің тілім – менің досым, Менің отбасым Рәміздер-Ел нышаны Елімнің ертеңі – Тәуелсіздік Саналы ұрпақ жарқын болашақ Қазақ халқының мәдениеті Мен отбасыммен мақтанамын! Бейбітшілік-ел тілегі

Ар-ұят құндылығы: Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; Достарын, сыныптастарын сыйлайды; Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді Бұл құндылық бойынша мынадай тәрбие сағаттары өткізілді :Жүрегім толы мейірім Ұстаз — ұлы тұлға Қарттарым – асыл қазынам! Мейірімділік - асыл қасиет Ізгілік-адамгершіліктің белгісі

. Талап құндылығы: Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды; Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; Ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктер.

Бұл құндылық бойынша мынадай тәрбие сағаттары өткізілді Жол жүру ережелерін еске түсіреміз! Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ! Күз-береке, күз – мереке Қоғамдық тәртіп негіздері Салауатты өмір-тамақтану тәртібі

Сыныпта өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың ақытында өткізілуі нәтижесінде құқық бұзушы бала, ата-ана жоқ.

Нәтижесі оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды.

Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзі қалай ұстау керек екенін үйренді Сынып оқушыларының оқу әрекетіне, тәрбиелік іс-шаралараларға қатысу белсенділіктері жас ерекшеліктеріне байланысты жақсы деп айтуға болады

25-желтоқсан күнгі «Қош бол, құтты Әліппем» ашық тәрбие сағаты





Бастауыш апталығы

